

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ  
НҰРА АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ,  
БІЛІМ БЕРУ БӨЛІМІНІҢ  
«СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН  
АТЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ОРТА  
БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»  
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ  
ШКОЛА имени САКЕНА  
СЕЙФУЛЛИНА»  
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ АКИМАТА  
НУРИНСКОГО РАЙОНА  
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

## БҰЙРЫҚ

## ПРИКАЗ

2023 жыл тамыздың 31-і №134

Ахмет ауылы

село Ахмет

### С.Сейфуллин атындағы мектебінің өткізу режимі және асханада кезекшілік туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы 2-тармақ 12-бөлімі негізге ала отырып,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Объектіге кіру режимі объекті әкімшілігі әзірлейтін және басшының бұйрығымен бекітілетін кіру және объектішілік режимдерді ұйымдастыру тәртібіне сәйкес жүзеге асырылсын.

2. Мектептің барлық қызметкерлеріне, білім алушыларға және олардың ата-аналарына адамдардың рұқсатсыз өтуі, көлік құралдарының өтуі, мүлікті мектеп аумағына немесе одан алып өту (алып шығу) мүмкіндігін болдырмайтын бақылау өткізу режимі сақталсын.

3. Өткізу режимін қамтамасыз ету үшін мектептің басты кіре берісінде күзет орны, бақылау пункті орнатылған.

4. Мектеп ғимаратына арнайы турникет құрылғысының көмегімен кілт-карта бойынша мектеп қызметкерлері мен білім алушыларын өткізу режимімен қамтамасыз етілсін.

5. Мектептегі білім беру процесіне қатысушылардың өткізу режимінің сақталуын және асханада бақылау кезекші әкімшіге (Тқосымшаға сәйкес) жүктелсін.

6. Мектеп ғимаратына негізгі кіру есігі арқылы жүзеге асырылады.

7. Кіреберіс, қосалқы шығу есіктерін оңай ашылатын құлыппен жабдықтау, олардың кілттерін белгіленген жерде сақтауды, жұмысшылардың және келушілердің өткізу режимін сақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ ерекше жағдайларда материалдық құралдарды кіргізу (шығару) қосалқы шығу

есігі немесе негізгі кіреберіс есігі арқылы жүзеге асыру директордың шаруа ісі жөніндегі орынбасары А.М.Фарраховқа жүктелсін.

8. Қосалқы шығу есіктерін тек директор, директордың шаруа ісі жөніндегі орынбасары және кезекші әкімшіліктің рұқсатымен ғана ашу жүзеге асырылсын. Қосалқы шығыс есігін ашқан адам оны бақылауда ұстау керек.

9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Негіздеме:** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығы 2-тармақ 12-бөлімі

Директор



А.Е.Балабиев